Оларға құрметпен қол соғылады деп, сайыскерлерімізді бағалайтын, шындықты жарып айтатын әділқазылар алқасымен таныс болыңдар.

3.Сайыстың өту барысымен, шартымен таныстыру:
Сайыс 7 кезеңнен тұрады. Тапсырмалар әр түрлі болып келеді, жауаптарын топта талқылап, қорытынды шығарып, айту керек; топтың мүшелері сайысқа түгел қатысулары керек.
4.Сайыстың тапсырмалары:

1кезең: «Сөз тапқанға қолқа жоқ»
Әр топқа бір әріп беріледі:
«Достық» тобына «А» әрпі, «Жұлдыз» тобына «Ж» әрпі.
Топтар 1 мин ішінде сол әріптен басталатын әр сөз табынан келетін сөздер жазып, қойылған сұрақтарға тек сол әріптен басталатын, өздері жазған сөздермен жауап береді. Дұрыс жауап – 1 ұпай.
«Достық» тобына:
1. Сен кімсің?
2. Бірінші септік?
3. Ең жақын адам ?
4. Еліміздің бас қаласы?
5. Әкеңнің әкесі?
6. Сүттен жасалған сусын?
7. Ең әдемі құс?
8. Саған ертегі айтатын?
9. Бал жинайтын жәндік?
10. Ең тәтті жеміс?

«Жұлдыз» тобына «ж»:
1. Сен қалай оқисың?
2. Қазақтың киелі саны?
3. Қазақ тілінде неше септік?
4. Әжең қайда тұрады?
5. Гүл қайда өседі?
6. 1қаңтар қандай мейрам?
7. Кімде?Неде? қай септіктің сұрағы?
8. Диванда отырып, әке не оқып отыр?
9. Сиыр, қой, түйе нелер?
10. Ең ыстық мезгіл?
(әділқазыларға сөз)
2 кезең: «Шешендік өнер».
Берілген мақалдың жалғасын табу:
1. Отансыз адам - .... (ормансыз бұлбұл).
2. Тіл – тас жарады, ...(тас жармаса – бас жарады).
3. Отан - ....(отбасынан басталады).